

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы
акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының материалдары
2019 жылғы 11 сәуір 10 сағат 00 минут

Жиналыстың күн тәртібі:

**«ҚазМұнайГаз БӨ» АҚ-ның артықшылықты акцияларын
«Қазақстандық қор биржасы» АҚ-ның (KASE) ресми тізімінен біржола
алып тастау (ерікті делистинг) туралы.**

«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ (бұдан әрі - ҚМГ БӨ, Қоғам) директорлар кеңесінің 2018 жылғы 10 тамыздағы шешімімен сатып алудың көрсетілген мерзімі ішінде айына екі рет мамандандырылған сауда-саттық әдісін қолдана отырып, Қазақстан қор биржасында 2018 жылғы 13 тамыздан 16 қарашаға дейінгі кезеңде бір акцияға 12 800 теңге белгіленген баға бойынша ҚМГ БӨ артықшылықты акцияларын сатып алу бекітілді. Артықшылықты акцияларды сатып алудың ең жоғары деңгейіне қол жеткізу мақсатында сатып алу бағдарламасының мерзімі 2019 жылғы 31 қаңтарға дейін ұзартылды (ҚМГ БӨ директорлар кеңесінің 2018 жылғы 12 қарашадағы шешімі).

Бағдарламаны іске асыру кезеңі ішінде 2018 жылғы 13 тамыздан бастап 2019 жылғы 31 қаңтарға дейін Қоғам жалпы сомасы 15 860 313 600 теңгеге 1 239 087 дана немесе сатып алу бағдарламасы басталған кезге еркін айналымдағы жалпы санынан 65% артықшылықты акцияларды сатып алды. 2019 жылғы 01 наурыздағы жағдай бойынша еркін айналымда артықшылықты акциялардың 666 122 данасы қалды (орналастырылған артықшылықты акциялардың 16,11% немесе еркін айналымдағы акциялардың жалпы санынан 0,06%).

Қоғамның артықшылықты акциялардың алдағы делистингін жүргізу мүмкіндігі туралы Қоғамның дербес шаруашылық жүргізуші субъект ретінде Қоғам қызметін тоқтату жоспарларына байланысты артықшылықты акцияларды сатып алу туралы ұсынысы шеңберінде бұрын жарияланды. Делистинг нәтижесінде артықшылықты акциялар Қазақстандық қор биржасының сауда алаңында айналмайды, тиісінше, Қоғам акционерлері өз акцияларын Қазақстан қор биржасы арқылы нарықтық баға бойынша сата алмайды және акцияларды сату мүмкіндігі одан әрі шектелуі мүмкін. Сондай-ақ Қоғамға Қазақстандық қор биржасының талаптары, оның ішінде ақпаратты ашу талаптары қолданылмайтын болады. Компанияның делистингтелген артықшылықты акцияларымен жасалған операцияларға салық салу қолданыстағы режимнен өзгеше болады.

«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 27-бабы 1-тармағының 1-1) тармақшасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысы қоғам

акцияларының делистингі туралы шешім қабылдаған (егер акционер акционерлердің жалпы жиналысына қатыспаса немесе егер ол осы жиналысқа қатысып, аталған шешімді қабылдауға қарсы дауыс берсе) жағдайда акционер акционерлік қоғамнан өзіне тиесілі акцияларды сатып алуды талап етуге құқылы. Акционерлердің талабы бойынша акцияларды сатып алу акционерлердің жалпы жиналысымен бекітілген 2018 жылғы 22 қаңтардағы және 11 шілдедегі өзгерістермен 2008 жылғы 23 қаңтардағы Қоғам ҚМГ БӨ акцияларын сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесінің («Әдістеме») 10-тармағына сәйкес жүргізіледі, оның мәтінімен келесі сілтеме бойынша танысуға болады:
http://kmgp.kz/uploads/files/Methodika_11.07.2018.pdf.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағы 9-1) тармақшасына және Қоғам Жарғысының 103-тармағы 7) тармақшасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының айырықша құзыретіне Қоғамның бағалы қағаздары айналымда тұрған қор биржасының ресми тізімінен Қоғамның бағалы қағаздарын уақытша немесе біржола алып тастау туралы шешім қабылдау (Қоғам акцияларының ерікті делистингі) жатады.

Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына келесі шешім шығарылады:

1. Қоғамның артықшылықты акцияларын «Қазақстандық қор биржасы» АҚ-ның (KASE) ресми тізімінен біржола алып тастау (ерікті делистинг) туралы шешім қабылдау.

2. Қоғамның бас директоры (басқарма төрағасы) Қ.О. Есқазиев белгіленген тәртіппен осы шешімнен туындайтын барлық қажетті шараларды қабылдасын.